





КИБЕРБУЛЛИНГ ДЕГЕН НЕ?



Кибербуллинг немесе киберқорқыту – бұл компьютерлерді, үялы телефондарды, смартфондарды немесе кез-келген басқа технологияларды өзге адамның жанын ауырту немесе оны үялту мақсатында әлденеше рет қолдану.

Қорқыту енді мектеп ауласымен шектелмейді.

Телефон арқылы немесе онлайн мұғалімдер мен ата-аналардың көзінен тыс қорқытуға да болады.

**Мен кибербуллинг
құрбанымын ба?**

**Қалжыңды
келемежден қалай
ажыратуға болады?**



ШЫН МӘНІНДЕ.....



Барлық
достар бір-
бірмен
қалжында
сады



Егер
қалжынды
доғаруды
өтінгеннен кейін
де доғарылмаса,
әрі жандарыңа
батса



ЕГЕР
КӨҢІЛДЕРІЦ
ТОЛМАСА,
ҚАЙДА БОЛСА
ДА, БӘРІБІР,
БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ




Қалай
атасандар да
өз еріктерің,
егер намысқа
тисе және еш
тоқтамаса




Кибер-
буллингті
тоқтату
бұзақыларға
үн қату ғана
емес




Ешкім
қорлыққа
лайық емес





БІРАҚ,
НАМЫСТАРЫН
А ТИСЕ, ОНДА
ҚАЛЖЫН,
ШЕКТЕН
ШЫҒЫП КЕТТИ





Онда бұл
буллинг
болуы
мүмкін




БҰҒАН ТӨЗҮГЕ
БОЛАЙДЫ



Онда көмек
сұрау керек



Бірақ, барлық
адамдар Интернетте
де, шынайы өмірде
де құрметке лайық
екенін мойындау



Кибербуллингтің салдары қандай?

сүйікті істерге
қызығушылықты
жоғалту

өздерінді
қысылғандай,
ақымақтың күйін
кешкендей сезіну

өздерінді
көңіліңіз
қалғандай
сезіну

ұялу

шаршау
(үйқыдан
айырылу)

іш ауыру

бас ауыру



*Егер мені біреу онлайн
қорқытып жатса,
кімге айтуым керек?
Осы туралы айту неге
соңшалық маңызды?*



Кеңестер: қайdan көмек алуға болады?

ЕГЕР БІРЕУ СЕНДЕРДІ КЕЛЕМЕЖДЕП ЖАТЫР ДЕП ОЙЛАСАНДАР:

Өздерің сенетін адамнан, мысалы, ата-аналарыңнан, жақын отбасы мүшесінен немесе басқа бір ересек адамнан көмек сұраңдар

Егер келемеждеу/ буллинг әлеуметтік желілерде болып жатса, бұзақыны бұғаттап тастаңдар


Мектепте психологтан, спорт жаттықтыруышынан немесе сүйікті мұғаліміңнен көмек сұраңдар

Егер сендерге тікелей қауіп төніп тұрса, полицияға немесе шұғыл көмек көрсету қызметтеріне хабарласқандарың жөн



[Facebook](#) / [Instagram](#): егер Интернетте келемежге тап болсандар, ата-аналарыңмен, мұғаліммен немесе өздерің сенім білдіре алатын адаммен сөйлесіңдер

FACEBOOK НЕМЕСЕ INSTAGRAM ЖЕЛІЛЕРІНДЕ КЕЗ-КЕЛГЕН КЕЛЕМЕЖ ТУРАЛЫ ТІКЕЛЕЙ ХАБАРЛАУҒА БОЛАДЫ



*Мен кибербулингке
тап болдым, бірақ, ата-
анама айтуға
қорқамын. Қалай
айтсам болады?*




**Ата-анамен
қалай сөйлеу
керек?**

СӨЙЛЕСЕТИН УАҚЫТ ТАНДАНДАР

**БАР КӨҢІЛІН СЕНДЕРГЕ БӨЛЕ
АЛАТЫНЫНА СЕНИМДІ БОЛҒАНДА**

**МӘСЕЛЕ СЕНДЕР ҮШІН ҚАНШАЛЫҚТЫ
МАҢЫЗДЫ ЕКЕНІН ТҮСІНДІРІНДЕР**

МАҢЫЗДЫ! Егер ата-аналарыңмен сөйлесе алмасаңдар, өздерің сенетін және
жағдайды реттеуге көмектесе алатын ересек адамды табыңдар



*Достарыма, егер, әсіресе,
олар өздері айтқысы
келмесе, кибербулинг
туралы айтып беруге
қалай көмектесе аламын?*

Кибербуллинг жағдайында досымызға қалай көмектесе аламыз

- Міндепті түрде қолдау көрсетуді ұсыныңдар
- Достарыңды тыңдаңдар (не сезінеді, не айтқысы келеді)
- Достарыңа/құрбыларыңа мейірімді болыңдар
- Оған кімге және не айтуға болатынын ойластыруға көмектесіңдер



- Егер хабарлауға бел буса, бірге баруды ұсыныңдар
- Егер достарың оқиға жайлы бәрібір айтқысы келмесе, өзі сенетін және сол оқиғаны реттеуге көмектесе алатын ересек адамды табуға көмектесіңдер
 - Кибербуллинг туралы Instagram және Facebook желілерінде аты-жөндеріңді атамай-ақ хабарлауға болады
 - Естеріңде болсын, белгілі бір жағдайларда кибербуллинг салдары өмір үшін қауіпті болуы мүмкін

*Мен жеке
мәліметтеріммен айла-
шарғы жасалуына немесе
мені әлеуметтік
желілерде келемеждеуге
қалай тосқауыл бола
аламын?*

ҰСЫНЫМДАР

01



! ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕРІНДІ ЕШКІМГЕ АЙТПАНДАР

- мекен-жай
- телефон нөмірі
- мектеп атауы
- кілтсөз
-

02



Әлеуметтік желілерге
арналған сүйікті
қосымшаларыңың
құпиялық
баптауларын туралы
біліп алындар

03




Тіркеулік жазбаларыңың
құпиялық баптауларын
өзгертіп, парапашаларыңды
кім көре алатынын, кім
тікелей хабарлама жібере
алатынын шешіп алындар

Ұнамайтын адамдар
парапашаларыңды көре
алмауы үшін және
сендермен
байланысқа шыға
алмауы үшін, «достар
тізімінен шығарып
тастандар»,
толығымен бұғаттап
тастандар



Естерінде болсын!!!

Интернетте бір нәрсені
жарияламас бұрын
немесе бөліспес бұрын
екі қайтара ойланындар,
ол желіде мәңгілікке
қалып, кейін сендерге
зиян келтіру үшін
қолданылуы мүмкін



*Егер мен Интернетте
агрессор немесе
кибербуллер болсам, не
істейу керек?*

Есте сақтаңдар!

ӘРЕКЕТТЕР

- суреттің астына жағымсыз комментарий қалдыру
- тіл тигізетін хабарламалар жолдау
- адамды мазақтайтын суреттер мен видео жасау;
- тіркеулік жазбаға бұзып кіру және тіркеулік жазбасы бұзылған пайдаланушы атынан хабарламалар жариялау

САЛДАР

Жала жабу (ҚР ҚҚ 130), тіл тигізу (ҚР ҚҚ 131) үшін қылмыстық жауапкершілік



Кәмелетке толмағандардың әрекеттері үшін жауапқа тартылатындар:

- ата-аналары, заңды өкілдері (ӘҚБК 127 бабы);
- балалар орналастырылған мемлекеттік мекемелер (ӘҚБК 127-1 бабы)

Кері байланыс

Қандай пайдалы
ақпарат алдыңдар
және көмек пен кеңес
ретінде өздеріңмен
бірге нені алып
кетесіңдер?



Қатысқаныңызға рақмет!

**Сіз менімен кез-келген уақытта келесі
байланыс мәліметтері арқылы
хабарласа аласыз:**

Т.А.Ә. _____

мектеп/колледж педагог-психологы

тел. _____